

Жаңа банкнота номиналы \$5  
Қауіпсіздеу. Технологиялылау. Сенімдірек.



# Пресс-релиз

**ДЕРЕУ ТАРАТУ ҮШІН**  
13 НАУРЫЗ, 2008

**БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ БАЙЛАНЫСТАРЫ:**

Дон Харлей немесе Клаудия Дикенс  
Қырнау және Басып Шығару Бюросы  
202/874-2778

Қоғамдық Істер Басқармасы  
АҚШ Астыртын Қызметі  
202/406-5708

Джеффри Смит немесе Сюзан Ставик  
Федералдық Сақтау Қор Кеңесі  
202/452-2955

Пенни Козакос  
Жаңа Ақша Енгізу Бағдарламаларға  
Бұқаралық Ақпарат Қолдау  
202/530-4887

## Жаңа \$5 АҚШ долларлық купюра бүгін айналымға түседі

*Күшейтілген Қорғаныс Ерекшеліктерін Тексеру Оңай*

Вашингтон, Колумбия Аймағы – 13 Наурыз, 2008 – Бүгін Федералдық Сақтау Қоры Вашингтонда (Колумбия аймағы), Солдаттар Үйіндегі Президент Линкольн Коттеджінде – бұрынғы Президенттің жазғы кезде Ақ Үй ретінде қолданған тарихи мекен жайында, еске алу әрекеті барысында жаңа \$5 АҚШ долларлық тұңғыш купюрасын айналымға шығарды. Федералдық Сақтау Қор Кеңесі, АҚШ Қазынасы, Қырнау және Басып Шығару Бюросы және АҚШ Астыртын Қызметі төрелері Линкольн Коттеджіндегі сыйлықтар дүкенінде жаңа \$5 АҚШ долларлық тұңғыш купюрасын айналымға енгізді.

Майкл Ламерт, Федералдық Сақтау Қоры Кеңесіндегі Сақтау Қорының Банктік Қызметтер мен Төлемдер Бөлімі Директорының көмекшісі, жаңа \$5 АҚШ долларлық тұңғыш купюрасын сыйлықтар дүкенінде Президент Линкольннің сөздері кітабына жұмсады. Осы қайта үлгіжобаланған \$5 АҚШ долларлық купюрасында Президент Линкольннің келбеті қалдырылды.

“Қайта үлгіжобаланған \$5 АҚШ долларлық купюрасының күшейтілген қорғаныс ерекшеліктері бізге жалған ақша жасаушылардан ілгері болуды және сіздің тер төгіп тапқан ақшаңызға қорғанысты қамтамасыз етеді,” деді Ламберт. “Жаңа \$5 АҚШ долларлық купюрасының түпнұсқалылығын тексеруге бірнеше секунд жеткілікті. Егер сіз оның қауіпсіздік ерекшеліктерін қалай тексеру керектігін білсеңіз, сіз тез арада оның түпнұсқалылығына көз жеткізе алатын боласыз.”

Бүгін Федералдық Сақтау Қоры банктері қайта үлгіжобаланған \$5 АҚШ долларлық купюрасын өздерінің тұтынушы банктеріне тарата бастайды, ал олар оны өздерінің коммерциялары мен тұтынушыларына таратады. Жаңа \$5 АҚШ долларлық купюрасы алдымен АҚШ-та айналымға түседі, содан кейін, бірте-бірте, халықаралық банктердің Федералдық Сақтау Қорына берген тапсырысы арқылы, басқа елдерге таратыла бастайды. Ескі купюраны жаңа купюраға алмастырудың қажеті жоқ. Жаңа үлгіжобаланған және бұрынғы үлгіжобалы \$5 АҚШ долларлық купюраларының екеуі де өздерінің толық кесімді құнында болады.

Жаңа \$5 АҚШ долларлық купюрасында қолда бар ақша иелері мен сол сияқты тұтынушыларға қиындық туғызбайтын бүгінгі таңғы өлшеуіш қауіпсіздік ерекшеліктері бар. Осы ерекшеліктерді тексеру үшін купюраны жарыққа тосыңыз:



## Пресс-релиз

- Су белгілері: Қайта үлгіжобаланған \$5 АҚШ долларлық купюрасында енді екі су белгісі бар. Үлкен “5” санды су белгісі бұрынғы \$5 АҚШ долларлық купюрасында болған Президент Линкольннің су белгісі портретін алмастырған жаңа портреттің оң жағындағы бос жерде орналасқан. Екінші су белгісі – үш кішірек “5” сандары бағанасы – жаңа \$5 АҚШ долларлық купюрасы үлгіжобасына енгізіліп, портреттің сол жағында орналасқан.
- Қауіпсіздік жібі: Ішіне енгізілген қауіпсіздік жібі қайта үлгіжобаланған \$5 АҚШ долларлық купюрасындағы портреттің оң жағында тігінен жүргізілген. Жіптің бойында “USA” деген жазудың соңынан ілесетін “5” саны кезектесіп келеді және ол купюраның екі жағынан да көрінеді. Ультракүлгін жарығы астына ұстасаңыз, қауіпсіздік жібі көгілдір болып көрінеді.

Вашингтондағы (Колумбия аймағы), қалпына келтірілген және қауымға ашық Солдаттар Үйіндегі Президент Линкольн Коттеджі ([www.lincolncottage.org](http://www.lincolncottage.org)), тұңғыш \$5 АҚШ долларлық купюрасын жұмсау орны ретінде өзінің Президент Линкольнға – осы купюраның портрет мақаласына, тарихи маңыздылығы үшін таңдалып отыр. Президент Линкольн Америка Құрама Штатының Астыртын Қызметін құрып, агенттіктің басты міндеті ретінде ұлттық ақшаны жалған ақша жасаушылардан қорғау мақсатын қойған еді, сол кеште оны өлтіріп кетті.

Кез келген коммерция немесе жеке адам жалған ақша купюрасына тап болғанда, нағыз экономикалық шығын сезінеді, ал 2007 жылы \$61.4 миллион АҚШ доллары Америка Құрама Штатына жалған ақша ретінде айналымнан алынды.

“АҚШ ақшасын қолданған адамдардың бәрі жалған ақша жасаушыларға қарсы тұру жолында алдыңғы қатарда деуге болады,” деді Майкл Меррит, АҚШ Астыртын Қызмет Директоры көмекшісінің орынбасары. “Өзіңізді қорғаудың ең тиімді жолы, ол қорғаныс ерекшеліктерін біліп алу. Ол өте қарапайым, жылдам және соның арқасында сіз жалған ақшадан сақ боласыз.”

АҚШ қазынашысы Эскобедо Кабрал коммерсанттар мен жеке адамдарды [www.moneyfactory.gov/newmoney](http://www.moneyfactory.gov/newmoney) атты Интернет бетін көруге рұхтандырды, сол арқылы жаңа \$5 АҚШ долларлық купюрасы жөнінде және \$10, \$20 and \$50 долларлық купюралар секілді жақын арада қайта үлгіжобаланған жаңа купюралар жөнінде мағлұматқа сұраныс жасауға немесе оны Интернет бетінен аударып алуға болатындығын хабарлады. “Жаңа купюраны таныстырған сайын, біз коммерсанттар мен жеке адамдарға билік беретін ақпаратты қамтамасыз етеміз – оларды қорғаныс ерекшеліктерін қалай қолданып, купюраның түпнұсқалығына көздерін қалай жеткізе алатындығын үйретеміз.”

Тегін қамтамасыз етілетін білім беру ақпараты коммерсанттарға, қаржы ұйымдарына, сауда және кәсіпкерлік қауымдастықтарға, азаматтық топтарға және жеке адамдарға қолдағы ақша ұстаушы және тұтынушы ретінде жаңа үлгіжобаны танып, жалған ақша жасаушылардан сақ болуға әзірлейді. 2003 жылдан бері АҚШ үкіметі жаңа \$5, \$10, \$20 және \$50 доллар купюра үлгіжобалары туралы шамамен 80 миллион тал мағлұматтар мен білім беру оқыту материалдарын таратты. Бірнеше тілде қамтамсыз етілген



Жаңа банкнота номиналы \$5  
Қауіпсіздеу. Технологиялылау. Сенімдірек.



# Пресс-релиз

материалдарды мына Интернет бетінен тапсырыс беріп немесе аударып алуға болады [www.moneyfactory.gov/newmoney](http://www.moneyfactory.gov/newmoney).

Жаңа ақша купюрасының үлгіжобасы жөніндегі ақпарат, сонымен қатар, қолма-қол ақша беру-алу құралдарын өндірушілер мен сол құралдарды тұтынушылар үшін де маңызды. “Біз сауда автоматтары, өз өзіне қызмет ету орындарында және метролардағы автоматтарда \$5 долларлық купюра өте жиі қолданылатын болғандықтан және жаңа \$5 АҚШ долларлық купюрасын сол сауда автоматтары қабылдайтындай етіп керекті сәйкестендіру жұмыстарын жасауға жеткілікті уақыты болсын деп біз сол автоматтар және басқа қолма-қол ақшамен жұмыс жасайтын автоматтар өндірушілерімен 2006 жылдан бастап жұмыс жасай бастадық”- деді Қазына Қырнау және Басып Шығару Бюросы директорының орынбасары Памела Гардинер.

Өзінің алдында таныстырлған жаңа \$10, \$20 және \$50 долларлық үлгіжобалар секілді, жаңа \$5 долларлық купюрада фоны ретінде Американың бостандық рәмізі көрсетілген. Қыран және қалқан суреті бар АҚШ мемлекеттік мөрі купюраның оң бетінде күлгін түсте басылған. Қосымша үлгіжоба элементтеріне мыналар кіреді:

- Купюраның артқы бетінде оң жақ төменгі бұрыштағы, зағип адамдарға ақша құнын анықтауға көмек беретін үлкен, оқуға оңай “5” саны жаңа \$5 долларлық купюрада одан да бетер үлкейтіліп, жоғары дәрежедегі қарама қарсы түс беру үшін күлгін сиямен боялған.
- Купюраның оң бетіндегі Президент Линкольн портретінің айналасындағы сопақша тоғыншасы және купюра артындағы Линкольн мүсінінің бейнесі алынып тасталды. Қырнаудың екеуі де үлкейтілген.
- Сары кішкене “05” сандары купюраның оң бетіндегі портреттің сол жағында және купюраның артындағы Линкольн мүсіні бейнесінің оң жағында басылған.

Жаңа \$5 долларлық купюраның көзге түсер өзгешелігінің бірі – купюра ортасы ашық күлгін түс, ол жиектеріне жете бере сұр түске ауысады. Түстерді оңай жасап алуға болатындықтан, тұтынушылар және қолма қол ақша ұстаушылар қағаз ақшаның түпнұсқалығын ажырату үшін, жаңа \$5 долларлық купюрадағы басты қорғаныс ерекшеліктерін қолдану керек – су белгілері және қауіпсіздік жібі.

*Редакторларға ескерту: Президенттің Иллиной штатымен ерекше байланысы болғандықтан, Санкт Луис және Чикагодағы Федералды Сақтау Қоры Банктері \$5 долларлық купюра шыққан күнін мұғалімдер мен жас өспірімдерге арналған білім беру тренинг және семинарлар әрекетін Иллинойстағы Спрингфилд қаласындағы Абрахам Линкольн Президенттік Кітапхана Мұражайында ұсыну арқылы атап өтпекші. Бұл әрекет Иллинойстағы Экономикалық Білім беру Кеңесімен бірігіп жасалып отыр және оның басты мақсаты мұғалімдер мен оқушыларға жаңа \$5 долларлық купюра, Президент Линкольн, және Федералды Сақтау Қоры жөнінде мағлұмат беру болып келеді. Қосымша мәлімет үшін, Санкт Луистағы Федералды Сақтау Қоры банкінде қызмет ететін Джозеф Элстнермен мына телефон бойынша 314-444-4892 немесе Абрахам Линкольн Президенттік Кітапхана Мұражайында қызмет ететін Давид Бланшетпен 217-558-0516 телефоны арқылы байланысыңыз.*

###